

№21 «Алпамыс» бөбекжайы МКҚК

**Тақырыбы: «Балабақшадағы бір күнім»
(ата-аналарға кенес)**



**Откізген:әдіскер
Р.А.Шаймарданова**

2024-2025 оку жылы

Тақырыбы: «Балабақшагадағы бір күнім» кеңесі

Мақсаты: Ата-аналарды балабақшаның бір күндік өмірімен таныстыра отырып, балабақша жөнінде кеңес беру.

Кіріспе сөз: Қымбатты ата аналар, сіздермен кездескенме өте қуаныштымын. Алдымен өзіміз, отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.

I. Танысу. Амандастыру

Психологиялық жаттығу: «Менің балам» жаттығуы

Ата-аналарға алдарына ермексаздер беріліп, өз балаларының сұлбасын жасау ұсынылады. Сол сұлбага өз балаларын қалай еркелететіндігін айтады.

Қандай ойындар ойнап, қандай ертегі айтатындығын, қызығушылықтарын айтады.

Ата-аналарға ақпараттық кеңес.

№21 «Алпамыс» бөбекжайы 11 топтық 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалаларды тәрбиелейтін балабақша. Балаларға тәрбие мен білім беруде балабақшамызда менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері, арнайы мамандар (музыка жетекшілері, дене шынықтыру нұсқаушылары, қазақ тілі мамандары, психолог, логопед, дефектолог, медбикелер) қызмет көрсетіп, балалармен жұмыстарын жүргізеді.

Күн тәртібі мектепке дейінгі білім беру мекемесінде әр жас тобында режимдік сәттерді ұйымдастыру бойынша жобаны әзірлеу үшін нормативтік актілер негіз болып табылады. Күн тәртібінде тәрбиешілермен бірге балалардың режимдік сәттері де олардың арасында да дербес қызметін ұйымдастыру көзделеді.

Балалар әс-ірекеттің әр түрлі түрлерін ұйымдастырудың вариативтілігі ражимдік сәттердің әр қайсысында өте жоғары. Іс-әрекетті тандау балалардың жасына, олардың мүдделеріне байланысты. Күн тәртібінде іс-әрекеттің ұйымдастыру жоспарына сүйене отырып, тәрбиешілер балалар іс-әрекеттің түрлерін, оларды ұйымдастыру нысандарын, әдістері мен тәсілдерін анықтайды.

Балабақшамыздың бір күндік режимдік кестесімен таныстыратын болсақ:

Тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісі жұмысқа 15 мин ерте келіп, топқа ылғалды тазалық жүргізіп, топтың ауасын тазартып, квартстайды.

- Балаларды қабылдау, ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.
- Балалардың дербес әрекеттері (баяу, қымылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау т.б.)
- Таңғы гимнастика
- Таңғы асқа дайындық, таңғы ас.
- ҰОҚ дайындық, ұйымдастырылған оқу қызметтері.
- Серуенге дайындық, серуен.

- Түскі асқа дайындық, түскі ас.
- Күндізгі үйкө
- Үйкөдан ояту және шынықтыру процедураларын ұйымдастыру.
- Бесін асқа дайындық, бесін ас.
- Жеке балалармен жұмыс.
- Серуенге дайындау, екінші серуен.
- Балалардың үйге қайтуы, ата-аналарға кеңес.

Тәрбиеші бір уақытта әр түрлі міндеттерді атқарады: балаларды қабылдайды, ата-аналармен сөйлеседі, ойын ұйымдастырады, жоспарланған ҰОҚ жүргізеді. Бір-бірімен сөйлеуді дамыту бойынша жеке жұмыс жүргізеді. Топпен дидактикалық ойындар ұйымдастырады. Балаларды мерекелік шараларға дайындайды.